

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в  [sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti), [sarangazetikaz](https://www.facebook.com/sarangazetikaz),  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

ПРЕЗИДЕНТ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАХТАДА БОЛҒАН ӨРТКЕ БАЙЛАНЫСТЫ БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ



akorda.kz

Мемлекет басшысы «Қазақстан» шахтасында болған өртке байланысты Үкіметке және Қарағанды облысының әкімдігіне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, сондай-ақ зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде тапсырма берді.

Үкіметке осы кәсіпорынға иелік ететін шетелдік компаниямен жұмысшылардың қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету жөнінде келіссөз жүргізу тапсырылды.

Шетелдік компанияға тиесілі кәсіпорындарда жиі қайталанатын апаттар олардың инвестициялық және өзге де міндеттемелерін өрескел бұзғанын көрсетеді. Аталған жағдайлар олардың Қазақстан нарығында қызмет етуіне қатысты шешім шығаруға ықпал етеді.

«ҚАЗАҚСТАН» ШАХТАСЫНДА АПАТТЫҚ УЧАСКЕНІ ОҚШАУЛАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

gov.kz

Өрт болған «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасында апаттық учаске гипс көпірлер салу арқылы оқшауланатын болады. Бұл туралы ҚР ТЖМ хабарлады.

«22 тамызда сағат 08:00-дегі жағдай бойынша авариялық қазбада өрт ошақтарының қарқындылығы төмендемеді, жағдай жақсарған жоқ. Өртті ауыздықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осыған байланысты КӨАҚҚ РШО – шахтадағы апатты жою бойынша штабтың басшылығы гипстен көпірлер салу арқылы апаттық учаскені оқшаулау туралы шешім қабылдады», – делінген

ведомствонның хабарламасында.

Көпірлерді салу орындары анықталып, материалдарды жеткізу басталды.

Естеріңізге сала кетейік, 17 тамызда сағат 10:05-те Д6 көмір көлбеуін (көкжиек – 170 м) қазуда конвейер таспасының өртенуі орын алды. Апатты жою жоспары енгізілді. Оқиға болған кезде жер астында 227 адам болды, оның 222-сі жер бетіне көтерілді.

ТЖ салдарынан бес адам қаза тапты. Ауруханада 13 зардап шеккен адам емделуде.

Апатты тергеу жөніндегі арнайы комиссия құрылды, оның құрамына барлық жауапты мемлекеттік органдар кірді. Сондай-ақ, апат фактісі бойынша ҚР ҚК 277-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды («Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу»).



РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

ВЕЗДЕ ДОЛЖЕН БЫТЬ ПОРЯДОК

Надежда ЦХАЙ

Восемнадцатого августа председатель городского маслихата О. Баймаганбетов провел совещание с услугодателями по сбору и вывозу твердо – бытовых отходов. В работе приняли участие депутаты маслихата, руководитель ГУ «Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции г. Сарани» Г. Ахметов, начальник местной полицейской службы Ш. Козжанов, представители организаций, представляющих услуги по сбору и вывозу ТБО.

На сегодняшний день вопрос сбора и вывоза мусора является одним из актуальных. Депутаты, работая с обращениями и запросами горожан, неоднократно проводили комиссионные рейды, в ходе ко-

торых обсуждались вопросы регулярного вывоза ТБО, качественного содержания контейнерных площадок.

Поэтому в ходе прошедшего совещания был рассмотрен вопрос сбора и вывоза мусора, а также заслушаны предложения по улучшению предоставляемых услуг.

Так, председатель городского маслихата О. Баймаганбетов отметил, что тариф за сбор и вывоз ТБО вырос на 70%, но качество предоставляемых услуг не изменилось. Хотя, как подчеркивалось, в обязанности услугодателей входит уборка территории непосредственно вокруг контейнеров протяженностью 5 метров, замена поврежденных контейнеров и площадок ТБО.

В разговоре депутаты подчеркнули неудовлетворительное состояние площадок и контейнеров для сбора мусора в ряде районов города и п. Актас, а также рассмотрели ряд предложений по улучшению данной ситуации. Между тем, услугодатели говорили о необходимости проведения информационной работы с горожанами о недопустимости складирования крупногабаритного мусора – мебели, бытовой техники, веток деревьев, оставшихся после



обрезки и т.д. на территории городских контейнерных площадок.

Кроме этого, депутаты внесли предложение о возможности установки контейнеров для сбора ТБО (металлических) единого цвета, о включении в квитанции ТОО «Энергоуголь XXI», КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис» услуги по вывозу мусора, а также увеличения высоты

ограждения площадок, чтобы мусор не разлетался по дворам.

В заключение О. Баймаганбетов дал ряд поручений о предоставлении четкого графика вывоза твердо – бытовых отходов, ревизии контейнеров с целью их ремонта и замены за счет средств городского бюджета. Все замечания услугодатели должны устранить до конца текущего года.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



МАҚСАТЫМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫН КЕҢЕЙТУ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Жер жүзіндегі қай халық болмасын тамыры терең текті тілі арқылы рухани болмыс-бітімін танытып, құндылығын насихаттап, ұлттық қалпын сақтай алады. Өйткені тіл – бүтін бір ұлттың болмысы, том-том тарихқа жүк боларлық хикаясы бар халықтың келбеті, тарихы тағдырына, тағдыры болашаққа тарам-тарам жол етіп салынған ұлттың басты байлығы.



«Ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі» деп бес арыстың бірі Жүсіпбек Аймауытов айтпақшы, әлімсақтан тұнықтығын сақтаған әлемдегі таза әрі көркем тіл ретінде қазақ тілін айтуға болады.

Қазақ жеріндегі ана тілге құрмет, мемлекеттік тіл саясатын дамыту мәселелері еліміз егемендік алғалы тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Тіл мәртебесінің нығаюына, қолданыс аясының кеңеюіне септігі тиерлік шаралар легі жоспарлы түрде жүргізілуде. Бүгінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жұмыстарының басым бөлігі тілдерді оқыту орталықтарына жүктеліп отыр. Бүгінде республика бойынша 111 тіл оқыту орталығы тіл саясатын қарқынды жүргізіп келеді. Соның бірі – Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы.

Иә, мемлекеттік тіл мәртебесін биіктетіп, өрісін кеңейту өңірлердегі тіл дамыту орталықтарына тікелей байланысты. Осы орайда шаһарымызда жүзеге асырылып жатқан жұмыстар жөнінде білу үшін қалалық тілдерді дамыту орталығының директоры Альбина Нурмаханованы әңгімеге тартқан болатынбыз.

– Альбина Оспанқызы, әңгімені оқыту орталығынан бастасақ...

– Орталық жұмысы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асып келеді. Орталықта қазіргі таңда барлығы 5 адам жұмфс істейді. Орталық қызметкерлері қала тұрғындарына мемлекеттік және ағылшын тілдерін тегін оқытады. Орталықтың негізгі мақсаты – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, тіл мәдениетін одан әрі арттыру және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу. Орталық мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында қабылданатын мем-

лекеттік бағдарламаларды, іс-шаралар жоспарын іске асыруға қатысады, тілдерді меңгеру бойынша нысаналы индикаторлар мен нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізу бағытында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Алдағы уақытта жұмыс ауқымы кеңейетін болады.

– Нақты кезеңде мемлекеттік тіл мәртебесін кеңейту мақсатында қандай іс-шаралар атқарылуда?

– Орталықтың негізгі миссиясы – ересек тұрғындарға тілдерді оқытып-үйрету. Бізде қазақ, ағылшын тілдерінің курстары жүргізіледі. Жылдан жылға мемлекеттік тілді үйренуге қала тұрғындарының арасында сұраныс артып келеді. Курсты аяқтап, сертификатқа ие болған тыңдаушылармен байланыс үзілмейді. Курстан алған білімдерін шыңдап, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысады. Мысалы биылғы жылы сайын дәстүрлі түрде өтетін республикалық «Мен қазақша сөйлеймін» акциясына қатысып, облыс бойынша Саран қаласы ерекше белсенділік танытты. Сонымен қатар, курсты аяқтағандардың арасында «Үздік тыңдаушы», қала жастарының арасында «Мемлекеттік тіл - мерейім», мемлекеттік қызметкерлердің арасында «Ұлттық ономастика - ел айнасы» атты байқаулары дәстүрлі түрде өтеді. Ал биылғы жылы Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы «Тілі бірдің – тілегі бір» жобасын қолға алды. Ұлты басқа болғанмен, тілегі бір тіл жанашырларының басын қосқан бұл кездесулерде мемлекеттік тілді меңгерген әр саладағы этнос өкілдері өздерінің тіл үйрену тәжірибесін ортаға салады. Тіл үйренудегі қиыншылықтар мен тілге қатысты өзекті мәселелерді қозғады. Сонымен қатар, оқу орталығының әлеуметтік парақшалары арқылы «Перевод дня», «Топ слова», «Qazaqsha sóle», «Тілашар», «Знать казахский – модно» айдарлары тұрақты жүргізіліп келеді.

– Хош делік. Саран шаһарында тұрғындардың жартысынан көбі орыстілді десе болады. Тіл үйренем деген азаматтарды қазақ тіліне оқыту жұмысы қалай жүргізілуде?

– Орталық қызметкерлері қала тұрғындарына мемлекеттік тілді тегін оқытады. Тыңдаушылардың қалауы бойынша оқыту курстары онлайн немесе офлайн форматта өтеді. Сонымен қатар мекемелерден келіп түскен өтінімдерге байланысты өтінім берген мекеменің базасында өткізіледі.

Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлтымыздың салт дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптей отырып, қолайлы тілдік орта қалыптастыру мақсатында 2021 жылы 1 қарашада «Мәміле» тілдесу клубы ашылды. Клуб отырыстары әр сәрсенбі сайын мультимедиялық кабинетте өткізіледі.

Ал қаладағы қызмет көрсетуші шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік тіл қысқа мерзімді курстар арқылы үйретіледі. Осы уақытқа дейін қысқа мерзімді курстан 10 пошта қызметкері, «Василек» сауда үйінің 11 қызметкері, «Саранкоммунсервис»

ұйымының 13 қызметкері, 10 банк қызметкері, «Sanparet» ЖШС 10 қызметкері өтті. Жыл соңына дейін қаламыздың сән саласының қызметкерлерін оқыту жоспарланып отыр.

Мемлекеттік тілді үйрету жұмыстарымен шаруашылық субъектілерін барынша қамту мақсатында «Қызмет көрсетушілерге арналған тілашар» әзірленді. Тілашарға енгізілген әр сабақ «Саран газеті» газетінде, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде жарияланды. Олардың бәрі Book Creator қосымшасы арқылы электрондық оқулыққа жинақталды. Қазіргі уақытта аталған оқулыққа аудио және бейнематериалдар орналастыру жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар аяқталған соң кез келген тіл үйренуші осы тілашар арқылы өз қалауына қарай тіл үйрену мүмкіндігіне ие болады, яғни тыңдап, немесе бейнероликті көріп, немесе мәтінді оқып берілген диалогты меңгереді. Бұл тілашардың ең басты тиімділігі қосымша қаражатты қажет етпеуінде, оны сілтеме арқылы пайдалануға болады.

– Жалпы цифрландыру мәселесі қазір көп көтеріледі. Тіл саясатын жүзеге асыруда, соның ішінде оқыту процесінде цифрландыру қолданылады ма?

– Иә, цифрландыру қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылатыны баршамызға мәлім. Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер ететіні сөзсіз. Сондықтанда орталығымызда тыңдаушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабақта LearningApps, Kahoot, Quizlet, Wordwall, Quizizz, ClassFlow, Book Creator сияқты заманауи онлайн сервистер пайдаланылады. Тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Динара Жүпенованың авторлығымен қарапайым А1 деңгейінде қазақ тілін үйретуге арналған оқулық әзірленді. Оқулықтың ерекшелігі телефонға жүктеп кез келген жерде және кез келген уақытта пайдалануға болады.

– Көшедегі көрнекі жарнамалар мен қоғамдық орындардағы қате аудармаларға тіл орталығының құзыреттілігі қандай?

– Қате жазылған жарнамалар мен ақпараттарды анықтап, әдістемелік көмек көрсетіп тұрамыз. Қала көшелерінде көрнекі ақпараттардың орфографиялық, стильдік жағынан дұрыс жазылуын тексеру мақсатында құзырлы орындармен және БАҚ өкілдерімен рейд жүргізіліп тұрады. Қаладағы көрнекі ақпараттың тіл туралы заңнама талаптарына сәйкестігі үнемі қадағаланып отырады. Осы бағыттағы жұмысты жүргізу үшін қаладағы тіл жанашырларынан «Тіл қорғаны» атты жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобының мүшелері ай сайын бекітілген кесте бойынша рейдке шығады. Рейд барысында мемлекеттік тілде қызмет көрсетпейтін шағын және орта бизнес нысандарына Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жарнама туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңдарының талаптары түсіндіріліп, ақпараттық парақшалар мен тілашарлар таратылады. Сонымен қатар, «Жедел желі» арқылы кәсіпкерлерге аударма бойынша тегін әдістемелік көмек көрсетеміз. Өткен жылы рейд жұмысына 624 нысан қамтылып, 187 заңбұзушылықтар анықталды. Оның ішінде 120 нысан ретке келтіріп, қазіргі таңда қалғандары бақылауға алынған.

Заң талаптарына сәйкес келмейтін

нысандардағы дүкен иелеріне көрнекі ақпараттарын тіл туралы заңнамаларға сәйкестендіру туралы ұсыныс хаттар беріледі. Жыл басынан жүргізілген жұмыстың нәтижесінде 296 шаруашылық субъектісінің көрнекі ақпараттары заң талабына сәйкестендірілді, «Жедел желі» бойынша 85 жеке кәсіпкерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Меншік иелері маңдайша, жарнама нысан иелері жергілікті тілдерді дамыту бөлімімен хабарласып, жарнама мәтіндерінің аудармалары дұрыстығын тексертіп, білмегендерін сұрап алса, мұндай қателіктер мен бұзушылықтар орын алмас еді... Сондықтан да біз әрдайым рейд барысында меншік иелеріне заң талаптарын түсіндіріп «Жедел желі» нөмірі көрсетілген ақпараттық парақшалар таратып отырамыз. Жалпы алғанда жүргізіліп жатқан рейд жұмыстары өз нәтижесін беріп жатыр деп айта аламын.

– Мемлекеттік мекемелерде тілдің қолданыс аясына қатысты сын әлі де баршылық. Ойыңызбен бөліссеңіз.

– Дұрыс айтасыз, сын бұрын да болған, қазақ тілінің қоғамдағы рөлі күшеймей, бола да береді. Ұлттың ұлт болып сақталуы үшін ең бірінші – тілімізді жоғалтпауымыз керек. Ең алдымен, әрбіріміз қазақ тілінің жер бетінен жоғалып бара жатқан тілдер қатарына түспеуіне үлес қосуымыз керек. Орталықтың ұйымдастыруымен мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлерге іс қағаздарының дұрыс жазылуы мен толтырылуы бойынша арнайы оқыту семинарлары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жұмыс барысында тілге байланысты туындаған сұрақтарына, аудармамен әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, айтылған сынды дұрысынан қабылдап, сол жолда жұмыстар атқарылса еңбектің нәтижелі болары сөзсіз. Жалпы атқарылып жатқан істе, қол жеткізген нәтиже де, талпыныс пен ұмтылысы та бар. Жүргізілген бақылау да нәтижесіз емес екенін тілге тиек еткім келеді.

– Бұқаралық ақпарат құралдарындағы белсенділік қаншалықты жолға қойылған?

– Мемлекеттік тіл саясатына ақпараттық қолдау көрсету арқылы оны бұқараға кеңінен насихаттау, сол арқылы қоғамдық пікір қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы өте зор. Бұл мемлекет идеологиясының маңызды әрі басым бағыттарының бірі десек қателеспейміз. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында тілдердің қолданылу аясын кеңейту және оны танымал ету, сондай-ақ, тіл мәдениетін арттыруда телеарналар мен мерзімді басылымдардың, интернет ресурстарының әлеуетін пайдалануға барлық мүмкіндік қарастырылған. Аталған кезеңде жергілікті БАҚ-да тіл саясатын насихаттау бойынша 59 материал, әлеуметтік желілерде 99 пост жарияланды. Қазір біз инстаграмм, фейсбук және тик-ток желілері арқылы халықпен тікелей жұмыс жасап, кері байланыс орнатқанды құп санаймыз. Сол себепті өз жұмысымызға қатысты барлық ақпаратты бірден осы әлеуметтік желілер арқылы қалың бұқараға жеткізіп отырамыз.

– Альбина Оспанқызықызы, шаһарда атқарылып жатқан кешенді жұмыстар жөнінде кеңінен, жан-жақты талқылап әңгімелеп бердіңіз. Сұхбатыңызға көп рахмет, жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ



ЖАРЫМЖАН ЖАРНАМАНЫҢ АХУАЛЫ

А. Нурмаханова,
Саран қаласының тілдерді
дамыту орталығының директоры

Біздің қазіргі өмірімізді ашық жарнамаларсыз елестету мүмкін емес. Жарнамалардың көптігі соншалықты, біз оларға кейде мән де бермейміз, себебі олар барлық жерде кездеседі.



Жарнама – тілдік құралдар арқылы да, вербалды емес құралдар арқылы да ұлттық мәдениеттің белгілерін көрсетуі тиіс. Ал ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері – сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді. Жарнама мәтіні ұлт

тілімен, ұлттық мәдениетпен байланысты қалыптасатын жағдайда ғана, өзінің негізгі мақсатын атқара алады. Еліміздегі жарнамалық қызмет Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жарнама туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңдарымен реттеледі.

Заңнамалық нормалардың ең басты талаптарының бірі – барлық сыртқы және ішкі жарнамалар мен көрнекі ақпараттар мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылуы қажет. Сонымен қатар, жарнама аудармасы оның мағынасын бұрмаламауы тиіс.

Әйтсе де жарнама берушілер орфографиялық қателіктерге қоса осы заңнама талаптарын орындау кезінде де жиі қателіктерге ұрынады. Көбінесе жарнаманың жоғары бөлігіне орыс тіліндегі нұсқасы орналасады немесе қазақ тілінде мәлімет беруді мүлдем ұмытып кетеді. Әсіресе, дүкен сөрелеріндегі тауарлардың сыртындағы мәліметтердің орыс тіліндегі нұсқасы еш қателіксіз жазылады да, мемлекеттік тілдегі нұсқасы қателіктерге толы болады. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің мәртебесіне де кері әсер ететіні сөзсіз.

Қаламызда сыртқы жарнамалар мен көрнекі ақпараттардың Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 21 бабына және «Жарнама туралы» Заңында белгіленген талаптарына сай рәсімделуін қадағалау, көрнекі ақпарат құралдарындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндердің грамматикалық және стилистикалық қателерін түзету, олардың сауатты жазылуын қамтамасыз ету мақсатында «Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ жанынан құралған жұмыс тобы ай сайын бекітілген кесте бойынша қаламыздың шағын және орта биз-

нес объектілерін рейд арқылы тексеріп отырады. Рейд барысында мемлекеттік тілде қызмет көрсетпейтін шағын және орта бизнес өкілдеріне Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Жарнама туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңдарының талаптарын түсіндіріліп, әдістемелік көмек көрсетіледі және ақпараттық парақшалар мен тілашарлар таратылады.

Жалпы атқарылып жатқан істе, қол жеткізген нәтиже де, талпыныс пен ұмтылыс та бар. Жүргізілген бақылау да нәтижесіз емес. Жыл басынан бері қаламызда 296 шаруашылық субъектісінің көрнекі ақпараттары заң талабына сәйкестендіріліп, «Жедел желі» бойынша 85 жеке кәсіпкерге әдістемелік көмек көрсетілді.

Осы орайда маңдайша, жарнама иелері 8 778 014 54 24 нөмірі бойынша Саран қаласының тілдерді дамыту орталығының «Жедел желісі» арқылы жарнамалық мәтіндердің дұрыс аударылуын тексерте алады және аударма бойынша тегін көмек ала алатындығын естеріңізге сала кетемін.

Қазіргі таңда жарнама – бұл ақпарат қана емес, тілді қалыптастырушы, тілдің дамуына ықпал етуші құрал. Сондықтан барлық жарнамалар да, көрнекі ақпараттар да заң талаптарына сай рәсімделуі тиіс. Себебі, мемлекеттік тілдегі сауатсыз жарнама елдімізге сын. Мемлекеттік тіліміздің абыройын ойлау әрі оны қадағалау әрбір Қазақстан азаматының міндеті екенін естен шығармайық.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

С. Сурьянова,
«Ақ шаңырақ» ЭМБ-нің жетекшісі

Еліміздің Тәуелсіздік жылдарында біз Қазақстан Республикасындағы демократиялық үдерістерді дамыту және қазақстандық қоғамды жаңғырту қазіргі жағдайда азаматтық бейбітшілікті сақтауға, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіруге, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты нығайтуға ықпал етуге бағытталған толеранттылық мәдениетін қалыптастыру және қоғамдық санада дамыту блогына қол жеткізілгеніне көз жеткізе алдық. Қазақстанда діни толеранттылық ерекше маңызға ие.

Соңғы онжылдықтарға тән ерекшелік Қазақстанның конфессиялық кеңістігінің айтарлықтай серпінді құрылымдық трансформациясы болды.

Біртұтас мемлекет шеңберінде әртүрлі конфессиялардың болуы онда тұратын халықтардың рухани байытылуына ықпал етеді.

Бүгінгі күні Қазақстан – бейбітшілік пен келісім сақталған, этностар өзара ынтымақта өмір сүріп жатқан бірегей мемлекет. Этносаралық келісім мен бейбітшілік аясында әлемде баламасы жоқ қазақстандық үлгі қалыптасып, қарқынды дамуда. Этносаяси мәселелер мемлекеттік ұлттық саясаттың өзегіне айналды. Ол мемлекетті қалыптастырушы қазақ ұлтына этносаралық келісім мен ынтымақтастықты сақтауға, өзге этностар құқықтарының шектелмеуіне деген жауапкершілігін жүктейді.

Толеранттылықтың осы табысты отандық моделінің негізі байырғы қазақ халқына тән қағидаттар мен дәстүрлер болды: қонақжайлылық, үлкендерді құрметтеу, басқа ұлттарға, Мәдениеттер мен діндерге құрмет.

Бүгінгі таңда біздің елімізде мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасында ортақ тіл табуға мүмкіндік беретін және елдің конфессиялық ортасында болып жатқан процестерді түсінуді қамтамасыз ететін бірегей алтын орта Ұлтаралық және конфессияаралық келісім маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық бірлік-бұл біздің мемлекеттілігіміздің ең жоғары құндылығы болып табылды.

Біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ететін боламыз. Бұл қағидат Қазақстанның ел бірлігі доктринасының шеңберінде де жүзеге асырылуда – ұлтына, шығу тегіне, нәсіліне, тіліне, діни сеніміне, сондай-ақ қандай да әлеуметтік топқа немесе қоғамдық ұйымдар мен партияларға жататынына қарамастан, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы теңдігін қамтамасыз ету. Аталған дүниетанымдық ұстаным Қазақстан қоғамының саяси, мәдени және рухани-адамгершілік басымдықтары мен



құндылықтық бағдарын айқындайтын негіз болып табылады. Әрбір нақты кезеңде ол байытылады, толықтырылады, нақтыланады, бірақ оның мәні бір болып қалады – көпэтникалық Қазақстанда әрбір адам оның этникалық, діни, нәсілдік және өзге де тиістілігіне қарамастан өзін еркін, қорғалған және өз болашағына сенімді сезінуі тиіс.

«Ұлтаралық және конфессияаралық татулық Қазақстандық біртұтастық пен жалпы қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы еліміздің келісімдік үлгісі болды деп айтсақ артық болмас. Бұл конституциялық реформа аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысының талап тұрығысында ұйымдастырылып, алдына қойған мақсат.

«Ақтас» кенті «Ақ шаңырақ», қазақ халқының әдет-ғұрып», салт-дәстүрін қайта жандандыру бірлестігінің қазіргі таңда өзге ұлт өкілдерімен бірлесіп оты-

рып мәдени-шаралар өткізіп отырғанына 20 жылдан асты. Атап айтсақ «Якташлар» татар-башқұрт этносы, «Ақтасские зори» ардегерлер хоры. Бүгінгі таңда ұлттық мерекелер Халқымыздың бейбітшілік пен келісімінің қазақстандық үлгісін әлемге танытушы айрықша дәстүрге айналды. Әрбір қазақстандық азамат үшін ұрпақтар сабақтастық арқылы тарихи қалыптасқан татулық, сенім мен тең құқықтылық ең маңызды қасиеттер екенін дәріптейді.

Еліміздің барлық ұлттары мен этностар арасындағы шынайы келісім мен бірлікте тұрмыс кешуі, ең алдымен қазақ халқының ата-дәстүрі мен табиғи кеңпейілділігі, ұлттық дінінің кендігі арқасында.

Халық бірлігі-мемлекеттілігі негізі қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана алдымызға болашағы күшті, өркендеп дамыған жаңа Қазақстанды құра аламыз және алға мақсаттар қоя аламыз.

КӘСІПКЕРЛІК



«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» - БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Тамыз айы басталғаннан ата-аналар жаңа оқу жылына дайындыққа қызу кірісіп кетеді. Оқушының мектеп формасы, оқу құралдары, спорт киімі, сөмке, аяқ киім, қысқасы бұл науқанда қалтаны біраз қағуға тура келеді. Әрине, баласы үшін еш ата-ана аянып қалмасы анық. Барын салып, баласын ешкімнен кем қылмауға әрекет етеді. Қу тіршілік қос бүйірден қысқанда шарасыз күйге түсіп, баласын мектепке дайындай алмай қиналатын жағдайлар да жиі кездеседі.

Бүгінгі қымбатшылық жайлаған уақытта бір баланы мектепке даярлаудың өзі ата-анаға үлкен салмақ. Ал, үйде 4-5 баласы бар ата-аналар үшін бұл тіпті де күрмеуі қиын іс. Осы тұста ата-аналарға көмек көрсетіп, балаларды оқуға қажетті киім-кешек, құралдармен қамтуда жан-жақты көмек көрсетіліп келеді. Соның бірі – балалардың мектепке баруын толық қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы.

2008 жылдан бастап тұрақты өткізіліп келе жатқан акцияға меценаттар, кәсіпкерлер, мекеме-ұйымдар, ұстаздар мен ата-аналар, жалпы жұртшылық белсене атсалысып келеді. Соның арқасында көптеген балдырғандар мектепке толық даярлықпен баруда.

Аталған көмек көп жағдайда аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына, асыраушысынан айырылған және ерекше күтімді қажет ететін жеткіншектерге бағытталады. Аталған санаттағы балалар жалпыға бірдей білім беру қорынан да қаржылай көмек алады.

«Акцияның басты мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды жаңа оқу жылына дайындау және олардың әлеуметтік себептермен мектепке бармауын болдырмау мақсатында қажетті көмек көрсету.

Көптеген демеушілер үшін тамыз қайырымдылық айына айналған. Себебі олар жаңа оқу жылының алдында 30 күн бойы әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көпбалалы отбасы-

ларға көмек көрсетуге тырысады», – деп акцияның маңыздылығына тоқталып өтті Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Дастан Арнешев.

Иә, тамыз айының 19 және 20 жұлдызы аралығында Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі мен Саран қаласының білім бөлімінің бірлесе ұйымдастыруымен шаһардағы коммуналдық сауда павильоны аумағында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткен болатын.

Қайырымдылық шарасына саран шаһары мен Қарағанды қаласының кәсіпкерлері қатысып атсалысты. Акция барысында қаламыздағы аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына, асыраушысынан айырылған және ерекше күтімді қажет ететін жеткіншектерге қажетті құрал жабдықтарымен мектеп формалары алып берілді, сондай-ақ қаржылай көмек көрсетілді.

Өз кезегінде ата-аналар аймақ кәсіпкерлеріне алғыстарын білдіріп, ризашылықтарын жеткізді.

«Әрине көңілден шығады, әр берілген затқа шүкіршілік етеміз. Рахмет бәріне. Жылда негізі әр балаға кем дегенде 70-80 мың теңге көлемінде шығады. 4 балаға арналған мектеп формасы, спорттық киімдері, тіпті аяқ киіміне дейін бәрі бар. Қол ұшын созып жатқан азаматтармыздың әрбір істеген игі амалдары сауапқа толы болғай!», – дейді көп балалы ата-ана.

Биыл он бесінші рет ұйымдастырылып отырған бұл жоба көптеген отбасының мектепке дайындық жұмыстарын жеңілдетуге сеп болып отыр.

Жыл сайын тамыз айының алғашқы күнінен басталатын акцияға демеу-



шілер мен меценаттар тарапынан көрсетілген көмек-қолдаулардың үлесі зор. «Бала – болашағымыз» деп ұрандатып, жиі айтамыз. Сол болашақтың алаңсыз ер жетіп, еліне еңбек етуі үшін жағдай жасап, үлгі болуымыз қажет-ақ. «Оң қолың бергенді сол қолың көрмесін» дегендей, жасаған қайырымдылықты реті келсе жарияламауға болады. Әсіресе мектеп оқушысына сөмке сыйлап, оның суретін әлеуметтік желіге салу – баланың намысына тиюі әбден мүмкін.

«Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. Әрбір мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың атаулы, жеке тізімдері жасалған. Білім беру ұйымдарында «жедел желі» үздіксіз жұмысы ұйымдастырылған. Қиын өмірлік жағдайға тап болған бар-

лық бала мен ата-ана көмек сұрай алады. Өз кезегінде бейжай қарамайтын азаматтар, кәсіпкерлер, меценаттар акцияға қосылып, мұқтаж жандарға қол ұшын соза алады», – дейді Саран қаласы білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев.

Индустриалды аймақ саналатын Саран шаһарында ірі кәсіп иелері жетерлік. Одан бөлек шағын кәсіпкерлердің де саны күн санап артып келеді. Олардың ешбірі қайырымдылық шарасынан шет қалмайтыны белгілі.

««Жақсылық – жүректен», «Жанашырлыққа – жан риза» демекші, бүгінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасының балаларына қол ұшын созатын азаматтар мен мекеме ұжымдары жетерлік. Десекте, «Мектепке жол» акциясы тек кәсіпкерлер мен қалталы азаматтарға арналған шара емес. Бұл бастамаға әрбір азамат атсалысып, өзінің үлесін қосуды қажет. Яғни, көпбалалы немесе тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушыларға әрқайсысымыз қол ұшын беріп, жүздеріне күлкі ұялатуымыз керек», – дейді Дастан Ботабекұлы.

Иә, жаңа оқу жылына санаулы күндер қалды. Үйдегі сауданы базардағы баға билеп тұрған заманда балаларды мектепке дайындау әрбір ата-ана үшін қиынның қиыны. Осы ретте көпке көмегін тигізіп, балаларға аялы алақанның жылуын сездіріп жүрген «Мектепке жол» акциясының тигізер шарапаты мол.

Ал осы бір маңызы зор «Мектепке жол» науқанының аясында берекелі, бірлігі жарасқан ел екенімізді танытып, барлығымыз бірдей мұқтаж жандарға көмек қолын созсақ, нұр үстіне нұр болары хақ.



НАШ ВЫБОР – СПОРТИ ЗОЖ!

Надежда ЦХАЙ

В конце прошлой недели состоялся городской праздник, посвященный Дню Спорта. Начиная с 2004 года, в нашей стране отмечается этот замечательный праздник, который является продолжением хороших традиций. Ведь и в нашем городе, и в поселке Актас есть немало спортсменов, которые раз за разом, год от года прославляют родной город, поселок, область, страну на соревнованиях и чемпионатах различного уровня. Благодаря этим ребятам и девушкам наш регион хорошо знают на просторах ближнего и дальнего Зарубежья, а копилка наград – золотых, серебряных, бронзовых постоянно пополняется. Безусловно, за каждым поднятием на пьедестал почета стоит огромный ежедневный труд, постоянная концентрация на достижениях, отказ от сиюминутных радостей в пользу больших достижений.

В нашей стране пристальное внимание уделяется не только профессиональному спорту, но и любительскому, массовому, популяризации здорового образа жизни среди населения, для чего создаются комфортные условия. Сарань – не исключение. За последние несколько лет в городе заметно увеличилось количество скверов с тренажерами и детским площадками, растет число спортивных секций и кружков, а главное – направлений, поэтому каждый желающий, причем любого возраста, может выбрать для себя что – то интересное и совершенствовать свои навыки, тело и дух до впечатляющих результатов!

Стоит отметить, что наши спортсмены и тренеры продолжают замечательные спортивные традиции, заложенные очень давно. И конечно, именно в День Спорта наши саранские тренеры получают свои заслуженные награды и благодарности. Это люди, которые передают свой многолетний опыт юным спортсменам, целенаправленно подводя их к высшим ступеням пьедестала почета. Особых благодарностей в этот день удостоились Т. Куат, Е. Айдарбеков, В.



